

## 2022 жылы колледждерге қабылдау туралы ақпарат

Біздің облыста 82 колледж жұмыс істейді.

Колледждерге Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ адамдар, 9 сынып, 11 сынып түлектері қабылданады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде тұлғаларға квота «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген. 9 квоталық санат бар.

Өткен жылдан бастап колледждерге түсу кезінде бір қатар жаңашылдықтар енгізілді.

**Біріншіден:** егер бұрындары колледждер бойынша мемлекеттік тапсырыс орындары комиссия арқылы бөлінген болса, қазіргі кезде «Студенттен ақша» жобасы жүзеге асырылуда, яғни талапкер қандай колледжге барып оқуға болатынын өзі таңдайды, сәйкесінше бюджет сонда жіберіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына тұлғалардан өтініш қабылдау **25 маусымнан** басталады.

**Екіншіден:** *түсу емтихандары болмайды*, тек кейбір мамандықтарда ғана. Медициналық және шығармашылық мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс арқылы оқуға түсушілер Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы арнайы немесе шығармашылық емтихан (медициналық мамандықтар бойынша – психометрикалық тестілеуден өту үшін) тапсыруға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жолданады.

**Үшіншіден:** талапкер бұрындары конкурсқа қатысуға өтініш беру кезінде тек бір колледжді және бір мамандықты ғана таңдаған, ал енді *төрт колледж және төрт мамандық*, біліктілік (қажет болған жағдайда), оқу тілін (қазақша, орысша), білім деңгейін таңдау мүмкіндігі бар.

Колледжді немесе мамандықты таңдауды кем дегенге 2 рет ауыстыруға болады.

**Төртіншіден:** Конкурс аттестатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағасының орта конкурстық балы бойынша талапкерлерді автоматты бөлу жолы арқылы Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Бағаның орта балы қалыптасады:

негізгі орта білімі бар түсушілерге (9 сынып) – үш пәннің бағалары бойынша: міндетті пәнге (қазақ тілі немесе орыс тілі), қалған екі пәнге мамандықтың бейіні бойынша.

жалпы орта білімі бар түсушілерге (11 сынып) – Техникалық және кәсіптік білім беру - төрт пәннің бағалары бойынша: міндетті пәндерге (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы), қалған екі пәнге мамандықтың бейіні бойынша.

Педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтарға түсушілер үшін аталған бағаларға арнайы эмитиханның балдары қосылады.

Оқушылар құрамына қабылдау:

- 1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 30 тамызына;
- 2) кешкі және қашықтықтан оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін жүргізіледі.

**Сонымен, талапкер колледжге түсуге шешім қабылдаса:**

1) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) сайтының «Білім беру» бөліміне кіріп, колледжге оқуға түсуге өтініш беруге болады

**немесе**

2) **[vko-abiturient.kz](http://vko-abiturient.kz)** **белгіленетін ақпараттық жүйенің сілтемесі бойынша** өтіп өтініш беруге болады.

Платформада жұмыс істеу туралы видео және оларға сілтеме білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беру» бөлімінде, сонлай-ақ колледждердің сайтында орналасқан.

Сондай-ақ, кез келген жақын арадағы колледжге баруға болады және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына барып аталған порталға өтініш беруге болады.

**Құжаттардың тізбесі:**

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырысқа жергілікті бюджеттен 6890 орын, сондай-ақ республикалық бюджеттен 2800 орын бөлінді. Барлық ақпарат білім басқармасының сайтында орналастырылған.